

1. Сынаманы ерікті және ақылы тұрде қайда тапсыруға болады?



COVID-19-ға тестті ақылы да, тегін де негізде тапсыруға болмайды. Егер сізде эпидемиялық қауіп (COVID-19 науқаспен байланысты, 1а және 16 санатты елдерде болу, сондай-ақ COVID-19 симптомдары болса) болса, 103 телефоны бойынша жедел медициналық жәрдемге хабарласып, қауіп пен симптомдардың бар екені жөнінде айтып беру қажет.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

**2. Азаматтарына ҚР ау-
мағына кіру және виза
бери, ұдайы әуе реистері
және т.б. уақытша тоқта-
тылған елдер бойынша
қайда жүгіну керек?**



Сыртқы істер министрлігіне телефон (72-01-11) арқылы жүгінуге болады, сонымен қатар СІМ мен Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Қөлік комитетінің сайтынан қарауға болады.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

3. Балабақша мәселесі аса өзекті. Ата-аналар балаларды қоғамдық көлік арқылы таситындықтан балабақшаға апаруға қорқады және ата-ананың біреуін ресми түрде бала күтімі бойынша босатуды сұрайды.



ҚР-да ТЖ жариялануына байланысты Үкімет тарапынан баланың ата-аналарының (қамқоршысының) біреуін жалақысын сақтай отырып, еңбек демалысына жіберу мәселесі қаастырылуда.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

4. Нұр-Сұлтанда блок-посттар қайда орнатылады?



Қаланы айналдыра Жібек жолы, Қосшы, Қараөткел, Талапкер, Қоянды, Шұбар елдекемендері маңына блок-посттар орнатылды және көлік құралдарының барлық түрлерінің кіріп-шығуына шектеу қойылды. Сонымен қатар Алматы, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Қорғалжын және Қабанбай батыр кенті бағыттарында азаматтардың жол жүруіне тыйым салынған.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

5. Басқа өнір азаматтарына ем алып жатқан, ота жасатып жатқан жағдайда Нұр-Сұлтан қаласы аумағына кіріп-шығуға рұқсат етіле ме?



2020 жылдың 22 наурызы сағат 00.00-ден бастап, шетелге немесе ел ішінде емделуге кеткен Қазақстан Республикасы азаматтарынан басқа, барлық адамдар үшін елорда аумағына кіруге/шығуға шектеу енгізіледі. Егер басқа қалаларда тұратын азамат карантиннен шықса немесе ауруханадан шықса, карантинде болған жерінен ТАӘ, ЖСН көрсетілген ШЫҒАРУ ПАРАФЫН, сонымен қатар жеке басты куәландыратын құжаттын көрсетуі тиіс. Егер азамат ота жасатуға шығып/кіріп бара жатса, азамат жіберілген денсаулық сақтау мекемесі көрсетілген, отаға ЖОЛДАМАНЫ көрсетуі тиіс.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

6. Нұр-Сұлтан қаласы маңына жұмысқа шығуға рұқсат етіле ме?



Карантин аймағына кіретін (Талапкер, Қаражар, Ильинка, Қосшы, Қоянды, Жібек жолы) қала маңында тұратын тұрғындарға қалаға кіріп-шығуға рұқсат етіледі.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

10. Қоғамдық көліктің жұмыс тәртібі.



19.03.20 ж. бастап, қала және экспресс бағыттардағы автобустар саны 775-тен 621 бірлікке (20%) дейін қысқартылады. Қалалық, экспресс, сондай-ақ қала маңы бағыттары сағат 21:00-ге дейін жүретін болады. Қала маңына қатынайтын автобустар 30%-ға қысқартылады.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

**11. Ертеңнен бастап,
қалаға кіріп-шығуға жұ-
мыс орнынан анықтама
жарамайтыны рас па?**



Бұгінгі таңда 22.03.2020 дейін шектеу жок, барлық блок-посттар алдын алу режимінде жұмыс жасауда. Түсіндіру сипаттағы жұмыс жүргізіліп, ЖАО өкілдерімен бірге тұрғындарға ақпарат жеткізілуде.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

12. Сұлулық салондары, сауналар карантинге жабыла ма?



Карантин мен ТЖ кезеңіне сұлулық салондары, сауналар мен қызмет көрсету саласындағы басқа да объектілер өз жұмысын тоқтатады.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

13. Караптн кезеңіндегі салық органдарының жұмыс кестесі



Салық органдарының жұмыс кестесі штаттық режимде қалады.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

14. Сатып алған жолдамалар үшін ақша қайтарыла ма? Мұны туроператорларға қандай тәсілмен жеткізеді?



Туристік операторлар жолдамалар сатуды тоқтатты, алайда туристік пакеттерді бұған дейін сатып алғандарға ақшасын ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес қайтару үшін туроператорға жүгіну қажет.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

16. Атқарушылық іс жүргізу тараптары Нұр-Сұлтан қаласынан тыс жерде. Карантин кезінде сот орындаушылардың іс-қимылдарына қалай шағымдануға болады?



Жоғарғы соттың ақпараттық жүйесінің сот кабинеті мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шағымдануға болады.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

17. ПИК-тің анықтамасымен карантиндік секторларға бөлетіні, өз секторыңың аясында жүріп-тұруға болатыны рас па?



Нұр-Сұлтан қаласы бойынша карантиндік аймақтар белгіленген жоқ. Қала бойынша еркін қозғалуға болады.



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы

18. Шұғыл қолдау желісі



Тәулік бойы іКОМЕК109

1-0-9 телефон нөмірі бойынша.

Баламалы байланыс орталықтары:

1406-Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі;

1-1-9 - Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігі;

1432-Атамекен Ұлттық Кәсіпкерлер

Палатасы



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің штабы